МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МЕРИТОКРАТИЯ – ӘДІЛДІК КЕПІЛІ

Мемлекеттік қызмет – елдің басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етіп, қоғамның тұрақты дамуына негіз болатын басты институт. Бұл саланың нәтижелілігі білікті мамандардың кәсіби деңгейі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Осы орайда меритократия қағидаты мемлекеттік қызметке іріктеудің негізгі тетігі ретінде маңызды рөл атқарады.

Қызметке қабылдау мен лауазымдық өсу тек еңбек нәтижесі мен кәсіби қабілетке сүйенеді. Мұндай тәсіл басқару сапасын арттырып, мемлекеттік аппараттың тиімділігін күшейтеді әрі өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді. Бұл ұғым латын тілінен аударғанда «еңбек сіңіру», «қабілет», «жарамдылық» және «құндылық» деген мағыналарды білдіреді. Осы қағидаға сәйкес, адамның кәсіби табысы мен жетістігі оның жеке еңбегі мен қабілетінің нәтижесі ретінде бағаланады.

Мемлекеттік қызметте бұл қағида меритократия жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Қызметке тағайындау тек кәсіби қабілет пен еңбек нәтижесіне негізделеді, ал ішкі конкурс, ауысу және бағалау тетіктері арқылы қызметшілердің біліктілігі мен жетістіктері ескеріледі. Бұл тәсіл білікті кадрларды тартуға мүмкіндік беріп, кадрлық шешімдердің объективтілігі мен әділдігін қамтамасыз етеді.

Биылғы жылдың I тоқсанының қорытындысы Абай облысының жергілікті атқарушы органдарында меритократия қағидаты бойынша 48 мемлекеттік қызметші тағайындалды. Оның ішінде ішкі конкурстар нәтижесінде 25 мемлекеттік қызметші жоғары лауазымға тағайындалды (облыс орталығында – 13, аудандық деңгейде – 10, ауылдық деңгейде – 2 қызметкер).

Мемлекеттік қызметшілердің жұмысы тоқсан сайын бағаланып, жыл соңында қорытынды бағалау шығарылады. Бұл жүйе қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындау деңгейін объективті түрде анықтауға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері қызметкерлерге бонустар беру, көтермелеу, оқыту, ротациялау, лауазымын жоғарылату немесе қызметтен шығару сияқты шешімдер қабылдауға негіз болады.

Бағалау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметшілер 4 тоқсан бойы тиімді қызмет атқарған жағдайда, жоғары лауазымға тағайындалуға мүмкіндік алады. Бағалау нәтижелері бойынша 21 қызметкер мансаптық өсу мүмкіндігін пайдаланып, жоғары лауазымдарға тағайындалды. Олардың қатарында облыс әкімі аппаратының 4 құрылымдық бөлімше басшысы, облыстық басқармалардың 7 бөлім басшысы, аудан әкімінің орынбасары, сондай-ақ аудандық деңгейдегі өзге де орта буын басшылары бар.

Сонымен қатар мемлекеттік органдар ішіндегі ауысу тәртібі бойынша қызметшілердің жеке қасиеттері мен кәсіби жетістіктеріне сүйене отырып, кемінде екі жыл бойы атқарып отырған лауазымынан жоғары лауазымға көтерілу мүмкіндігі қарастырылған. Мемлекеттік қызметшінің өзіне жүктелген міндеттерді тиімді әрі сапалы орындауы айрықша рөл атқарады. Осы тәртіппен 2 қызметкер өз лауазымынан бір деңгейге жоғарылады.

Мемлекеттік қызметшіге оның қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны не мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде ауысу тәртібімен, сондай-ақ конкурстардың қорытындылары бойынша мемлекеттік лауазымға орналасуына жол берілмейді.

Меритократия қағидаты мемлекеттік қызметтің кәсібилігін күшейтіп, оның нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді. Аталған қағида әрбір азаматқа тең құқық беріп, мемлекеттік қызметке жоғары білімі мен қабілеті бар мамандарды іріктеуге мүмкіндік жасайды.

Мемлекеттік қызмет саласындағы меритократия басқару жүйесінің тиімділігін арттырып, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға және азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті

8 778 929 14 53, 8 777 276 90 74

БЖЗҚ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ, Қор) салымшыларға зейнетақы капиталын қалыптастыруға бағытталған көптеген қызметті ұсына отырып, олардың тізбесін үнемі жаңартып, сапасын жақсарту мақсатында белсене жұмыс істеп келеді. Қордың сайтта және мобильді қосымшада 24/7 режимінде көрсететін қызметтерінің қолжетімділігі – салымшылардың өз жинақтарына деген қызығушылығын арттырудың маңызды шарты.

ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ 98 ПАЙЫЗЫ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА КӨРСЕТІЛДІ

01.01.2026ж. мен 31.03.2026ж. аралығында Қор салымшыларға 17,7 млн қызмет көрсетті. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 8,6 млн-ы электрондық форматта, 8,8 млны-ы автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электронды және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 98,9%-ын құрады. Салымшыларға 200,9 мың қызмет жүзбе-жүз көрсетілді, оның ішінде 194,9 мың қызмет тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарына нысаналы талаптар автоматты түрде есептеліп, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға нысаналы жинақтарды есептеу және есепке алу үшін нысаналы жинақтау шоттары ашылады.

Есепті кезеңде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын («Ұлттық қор ¬— балаларға» бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 690,4 мыңға жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 9,0 млн-нан аса үзінді көшірме берілді. Оның 8,0 млн-ы – электрондық, ал 956,4 млн үзінді көшірме автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарын қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап жыл сайынғы үзінді көшірмелерді пошта арқылы автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын ескертеді. Бірақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты «БЖЗҚ» АҚ атына тиісті сұранысты жіберген пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталады.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер қолжетімді.

2026 жылдың басынан бастап өткен 3 айда деректемелерді өзгертуге 28,4 мың өтініш қабылданды. Оның 26,6 мыңы Қордың кеңселерінде орындалды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 14,7 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 296,0 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 9,9 мың материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардан кері байланыс (Call-орталық, веб-сайт арқылы кеңес, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және басқа байланыс түрлері) арналары бойынша 115,5 мың өтініш түсті.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Дерикар» ЖШС Абай облысы Абай ауданында ораналсқан «Тасболат» кен орнында құрылыс тасын өндіру тау-кен жұмыстарының Жоспарының қоршаған ортаға әсер ету ықтималдығының есебі бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар 01.07.2026 жылы сағат 12:00 Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында Тоқтамыс көшесі, 28 мекенжайында өткізіледі (акт залы). Карантин немесе ТЖ болған жағдайда, тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде жүргізіледі. Белсінді сілтеме https:// https://us05web.zoom.us/j/5887898454?pwd=SThLWi9XdHcrWkowekE5RzdjVnNkdz09&omn=89713128921

Конференция идентификаторы: 588 789 8454, Кіру коды: g8gdzM

Кен орны координаттары: 1. 48° 57’ 23,12"СЕ, 79° 08’ 16,84"ШБ, 2. 48° 57’ 28,38" СЕ, 79° 08’ 21,53"ШБ, 3. 48° 57’ 24,97"СЕ, 79° 08’ 29,82"ШБ, 4. 48° 57’ 19,37"СЕ, 79° 08’ 24,67"ШБ

Жобаға тапсырыс беруші – «Дерикар» ЖШС, Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Тоқтамыс көш. 28. БСН 941140001128, тел. 8 707 928 45 24, эл.пошта: derikar_2025@mail.ru

Жобаны әзірлеуші – «Маркшейдер KZ» ЖШС, БСН171140007948, ШҚО, Өскемен қаласы, Михаэлис көш. 24/1, т. 8 777 991 30 03. aitaber40@gmail.com

Әсер ету аумағы – Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы. Жоба материалдарымен БЭП және «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Қосымша ақпаратты тапсырыс берушінің мекенжайында алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар басталатын күнге дейін үш жұмыс күннен кешіктірілмей Абай облысының ТРжТПРБ uprirp.abay@akimatabai.gov.kz электрондық мекенжайы арқылы қабылданады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

24.06.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Аягөз ауданы, Нарын а.о., Шынқожа а., С. Бендебаев к-сі, 8 мекен-жайындағы Мәдениет Үйі ғимаратында ««Бақты–Аягөз» теміржол желісін салу мақсатында «Абай облысының Аягөз ауданында орналасқан «Чайна Харбоур Инжиниринг Компания ЛТД.» Қазақстандағы филиалының вахталық қалашығы бар өндірістік базаны уақытша орналастыру жұмыс жобасы» бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме:https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C MgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1

Конференция идентификаторы: 677 493 52 75

Кіру коды: YZ1mBb

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Чайна Харбоур Инжиниринг Компания ЛТД.» Қазақстандағы филиалы. БСН: 240541015694. Мекен-жайы: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 29/1, н.п. 1, тел. 87051827688, e-mail: hsktl@chec.bj.cn.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батырк-сі, 165. Тел. +77002664282, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 35-45-35. Ресми интернет-ресурс https://ndbecology.gov.kz/және электрондық мекен-жайы uprirp.abay@akimatabai.gov.kz бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«ARB Mining Company» ЖШС «Абай облысындағы Есімжал кен орнының Ұзынбұлақ учаскесінің тотыққан марганец кендерін өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Аумағы әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Айнабұлақ а.о., Айнабұлақ а. (49°24′30″N 78°20′51″E).

Учаскенің географиялық координаттары: 1.49°50′53.27″N 77°22′00.27″E; 2. 49°50′13.61″N 77°22′51.07″E; 3. 49°50′01.41″N 77°22′28.29″E; 4. 49°50′41.06″N 77°21′37.48"E.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 07 шілдеде сағат 16.00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Айнабұлақ а.о., Айнабұлақ ауылы, Айнабұлақ к-сі, 38433 (әкімдік ғимараты). Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болсын.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: https://us06web.zoom.us/j/86417069389?pwd=1RNXbuejk7uEr0pWfxcRiB6vwA7zW9.1

Конференция идентификаторы: 864 1706 9389. Кіру коды: 095020

Тұтынушы мәліметтері: «ARB Mining Company» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, Күнгей шағын ауданы, Елебекова көшесі, 10 үй. БСН: 191140004868 Директоры: Белов Н.Н. Байланыстар: тел.8 700 302 6485. e-mail: arbcomi@mail.ru

Әзірлеуші туралы мәліметтер: ЖК Тлеубердинов, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би ауданы, Ержанов көшесі, № 32 үй, № 54 пәтер. Жетекшісі: Тлеубердинов Т.М. Байланыстар: 8 (708)492-77-05, e-mail: olga_m_2025@inbox.ru

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен https://ndbecology.gov.kz/ сайтында «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/ «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Дизайн материалдары туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы сұрауға болады: 8 (747) 162-04-65, e-mail: olga_m_2025@inbox.ru.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz/ сайтында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. E-mail: uprirp.abay@akimatabai.gov.kz байланыс: 8 (7222) 35-44-32

Қызықты деректер

Денеміздің қан айналмайтын жалғыз мүшесі - көздің қасаң қабығы. Ол оттегіге ауа арқылы қанығады.

Адам миының сыйымдылығы 4 терабайттан асады.

Нәресте 7 айлығына дейін бір уақытта тыныс алып, жұтына алады.

Адамның бас сүйегі 29 түрлі сүйектен құралған.

Мидан шыққан нерв импульсі сағатына 274 шақырым жылдамдықпен қозғалады.

Құрсақтағы нәрестенің 3 айлығында-ақ саусақ іздері пайда болады.

Ерлерге қарағанда, әйелдердің жүрегі жылдамырақ соғады.

Оңқай адамдар солақайларға қарағанда орташа есеппен 9 жылға артық өмір сүреді.

Адам организміндегі қан тамыраларының жалпы ұзындығы — шамамен 100 мың шақырым.

Адам денесіндегі жылудың 80 пайызын бастан шығады.

Адам денесінде кемінде 700 фермент жұмыс істейді.

Кіндіктің ғылыми атауы — умбиликус.

«Жасыл ел» жастарды жұмысқа шақырады

Семей қаласында 16–35 жас аралығындағы жастарға арналған «Жасыл ел» жобасы бойынша жұмысқа қабылдау басталды.

Жалақы: 110 000 теңге

Жұмыс уақыты: дүйсенбі – жұма, 08:00 – 17:00

Байланыс телефоны: 8 747 697 03 34

Құжаттар Уәлиханов көшесі, 159 мекенжайында қабылданады.

Қаламызды бірге көркейтейік!

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

ABAI AIMAQ медиахолдингі

www.semeytany.kz

Директор – Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА

Бас редактордың орынбасары – Роза ПҰШПАҚОВА

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21,
Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75;
редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03;
факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155

Кезекші редактор Ай-Керім ЖАҚЫП